

ҚазЖЭК-II – «Борей» жел электр станциясы

Орналасқан жері:

Қазақстан

Жобаның нөмірі:

52857

Сала:

энергетика

Мемлекеттік/жекеменшік сектор:

жекеменшік

Экологиялық санат:

B

Бекітілген күні:

15 желтоқсан 2021

Жағдайы:

Жобаның тұжырымдамасы қаралды

Жобаның түйіндемесі ағылшын тілінде жарияланған күн:

9 қараша 2021 жыл

Осы Жобаның түйіндемесін жариялау «Ақпаратқа қолжетімділік туралы» директиваның 1.4.4 тармағына сәйкес кейінге қалдырылған болатын, Ақпаратқа қолжетімділік саясатының 2.6 тармағына сәйкес бұған жол беріледі.

Жобаның сипаттамасы

Қарыз алушы – «Борей Энерго» ЖШС-ға Қазақстанның орталық аймағында жалпы белгіленген қуаты 100 МВт жел электр станциясын жобалау, салу және пайдалану мақсаттарына, сонымен қатар электр станциясын 220 киловольттық Шигиская қосалқы станциясына қосу үшін қос тізбекті 110 киловольттық электр беру желісін (ЭБЖ) салуға 19,3 млрд. қазақстандық теңге (баламасы 44,83 млн. АҚШ долл.) сомасында артықшылықты талап ету құқығымен кредит беру.

Жобаның мақсаттары

Жобаны іске асыру Қазақстанның елдің энергетикалық балансындағы жаңартылатын энергия үлесін арттыру мақсатына жетуіне көмектеседі, Қазақстандағы энергия сыйымдылығы деңгейлерін төмендетуге, электр

энергиясына елдің өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Өтпелі үдеріске әсер етуі

Өтпелі үдеріске күтілетін әсердің балмен бағалануы: 80

Жобаның өтпелі үдеріске әсер етуінің нәтижесі өтпелі кезеңнің (ӨП) екі атрибуты – экологиялылық пен инклюзивтіліктің жүзеге асырылуына байланысты болады.

Экологиялылық – Жобаны іске асыру Қазақстанда жаңартылатын көздерден өндірілетін электр энергиясының көлемін тағы 100 МВт-қа арттыруға мүмкіндік береді.

Инклюзивтілік – Жобаны іске асыру гендерлік интеграция және Қазақстанның жаңартылатын электр энергиясы саласында әйелдерді жұмыспен қамту және олар үшін кәсіпкерлік қызмет мүмкіндіктерін қамтамасыз ету процестерін дамытуға ықпал ететін болады.

Клиент туралы ақпарат

«БОРЕЙ ЭНЕРГО» ЖШС

Қарыз алушы ретінде осы Жобаны іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасында құрылған мамандандырылған заңды тұлға «Борей Энерго» ЖШС болады. Қарыз алушы Қытайда және әлем елдерінде жаңартылатын энергия жобаларымен айналысатын қытайлық Sungrow Renewables Development Co компаниясының 100 пайыз меншігінде болып табылады. Бұл компания бүкіл әлем бойынша салған жел электр энергетикасы объектілерінің жиынтық қуаты 1,9 ГВт құрайды.

ЕҚДБ қаржыландыруы

44 830 000 АҚШ долл.

Қарыз алушы – «Борей Энерго» ЖШС-на 44 830 000 АҚШ долларына дейін сомада қазақстандық теңгедегі баламасымен (19,3 млрд. қазақстандық теңге) артықшылықты талап ету құқығымен кредит беріледі. Жобаны тағы бір қаржы ұйымының қатысуымен 19,3 млрд қазақстандық теңгеге дейін (баламасымен (44,83 млн АҚШ доллары) сомада қаржыландыру жоспарланып отыр.

Жобаның жалпы құны

141 780 000 АҚШ долл.

Қазақстандық теңге баламасымен 128,8 млн. АҚШ долл. (54,99 млрд. қазақстандық теңге).

Толықтырылуы

ЕҚДБ осы ұзақмерзімді кредитті Қазақстанның кредит нарығында, әсіресе осы тектес жобалық қаржыландырудың құрылымдалған мәмілелеріне қатысты ұсынылмайды деуге болатын өтем мерзімдерімен ұсынады. Бүгінгі таңда қалыптасып отырған жағдайларда Қазақстанда ұлттық валютада номинирленген ұзақмерзімді кредиттік құралдарды тарту мүмкін емес дерлік. Оның үстіне бұл елде өзін жақсы таныта білген ЕҚДБ Жобаның демеушісі үшін белгілі бір кепілгер ретінде болады және оның Қазақстан нарығына кіруі үшін қолайлы шарттар жасайды. Бұдан басқа, ЕҚДБ өзінің толықтырылу функциясын іске асырып, экология, денсаулықты қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша талаптарды, сонымен қатар жобаны іске асыруға Қазақстанда қойылатын осындай талаптардан анағұрлым қатаң ЕҚДБ-ның қолданыстағы талаптарын сақтауға қарыз алушыны міндеттейді. Осы Жобаны іске асыру барысында ЕҚДБ ЖЭК бойынша инклюзивтілік идеяларын насихаттау мүддерінде мемлекеттік саясат пен құқықтық реттеу мәселелерінде қолдау көрсететін болады.

Экологиялық және әлеуметтік мәселелер

ЭЭС-тың 2019 жылғы басылымына сәйкес Жоба экологиялық тексерістің «В» санатына жатқызылған. ЕҚДБ қаражатымен қаржыландыру ұсынылып отырған Жоба бойынша Қазақстанның орталығында Ақмола облысының Аршалы ауданындағы Бұлақ ауылы мен Сарыоба станциясына жақын маңда 100 мегаваттық «Борей» жел электр станциясын салу көзделген. Бұл Sungrow компаниясының келесі бірнеше жылға есептелген анағұрлым ірі 206 мегаваттық жобалық объект құрылысын салуының бірінші кезегі болады. Жел электр станциясы оны КЕГОС-тың 110 киловольттық Шигиская қосалқы станциясымен байланыстыратын 42 километрдік ЭБЖ көмегімен қолданыстағы ұлттық энергия желісінің жүйесіне қосылатын болады. Тиісті жергілікті билік органдары Жобаны іске асыруға рұқсаттық құжаттарды берді, ал Жобаны әзірлеуші жергілікті жерде ұлттық заңнамаға сәйкес ҚОӘБ жүргізіп те қойды. Құрылыс жұмыстарын 2022 жылдың екінші тоқсанында бастау жоспарланған.

Жобаның барлық құрамдас бөліктері бойынша КЭЭЗ және қосымша жалпы экологиялық-әлеуметтік зерттеу жүргізу үшін, тәуелсіз консалтингтік фирма тартылды. КЭЭЗ нәтижелерімен расталғандай, жел электр станциясы экологиялық және әлеуметтік факторлардың әсеріне сезімтал аймақтарда орналаспайды, ал Жобалық объект орналасатын жерден 50 километрлік радиуста қорықтар немесе қаумал ретінде қорғауға бөлінген аймақтар жоқ. КЭЭЗ-ның тәуелсіз сарапшылары жүргізген орнитологиялық зерттеулердің нәтижелерімен расталғандай, жыл құстарының ең жақын ұшу бағыты құрылыс алаңынан 8 шақырым қашықтықта өтеді. Бұл аймақтың табиғатты қорғау құндылығы салыстырмалы түрде төмен болып саналады, ал оның өсімдіктер әлемі мен жануарлар әлемі далалық белдеудің сусыз аудандарына тән. Жүргізілген есептеулерге сәйкес, экоәлеуметтік әсердің жалпы нәтижесі құрылыс алаңының шегінен шықпайды және ЭӘІЖ-мен көзделген тиісті

шараларды қабылдау көмегімен ЕҚДБ-да жобаларды іске асыруға қойылатын қолданыстағы талаптарды сақтаудың арқасында жұмсартылуы мүмкін.

Компания жел турбиналарын орналастыру үшін жер учаскелерін сатып алу процесін аяқтады және жер учаскелерінің иелерімен жүргізілген ерікті келіссөздердің барысында олармен ЭБЖ трассасы өтетін учаскелерді жалға алуға сервитут шарттарын жасасты. Жобаны іске асыру тұрғындарды көшіруді немесе олардың күнелтуге керекті қаржысын жоғалтуларына әкелмейді және аумақтарға құрылыс салудың жергілікті жоспарларын орындау арнасында жүруде. Қазіргі уақытта бұл аймақ мал жайылымы ретінде ауыл шаруашылығы мақсаттарында және тағы аңдар аулау үшін пайдаланылады. Жобаны іске асыру бұл тұрғыдан елеулі салдарға әкелмейді, өйткені бұл қызметпен осы аймақпен іргелес бос жер учаскелерінде оан әрі қарай да айналыса беруге болады. Халқының саны 1 437 адам құрайтын бұл аймаққа саны 70 адам құрылыс жұмысшыларының келуінің салдары елеусіз ретінде қаралады.

Далалық белдеудің ашық учаскелерінде тұз флорасы мен фаунасының биоалуандылығы мәселелері бойынша базалық зерттеулер жүргізудің барысында суыр, қоян, елік пен түлкі, ал көлдерде, лимандар мен бұта тоғайларда кірпі, бақа, жертесер тектестер айқындалды. Жарқанаттар табылған жоқ, ал жер учаскелерінің өзі жануарлардың қысқы ұйқысы мен қанаттылардың ұялауы үшін жарамсыз. 2020/21 жж. көктемі мен күзінде жүргізілген орнитологиялық зерттеудердің барысында алаңдаушылық тудыратын басымды маңызы бар биоалуандылық ерекшеліктері немесе шектімеже жағдайындағы мекендеу орындары анықталған жоқ. Жобалық объект орналасатын аймақта жыл құстарының қозғалысын зерттеудің барысында олардың миграциялық ағыны да, құстар тобы да айқындалған жоқ. Құстар олардың ашық және су-батпақты мекендеу орталарында айқындалды. ЭЭІЖ орындау үшін құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін құстардың өлімін мониторингтеуді олардың ұшалары табылғаны туралы хаттама жүргізумен қоса жүзеге асыру және құстардың популяциясы үшін салдарды бағалау мен құстар өлімінің жоғары деңгейі тіркелген жағдайда бұл процестерді адаптивті басқару шараларын қабылдау үшін тәуелсіз орнитолог маманды тарту талап етіледі.

Жобаның экоәлеуметтік аспектілерін бағалаудың шеңберінде шудың таралуының көрінісі модельденді, ол шулардың таралуының 300 метрлік радиусында турбиналық шудың барынша жоғары деңгейі 50 децибелге дейін түсетінін, бұл осы саладағы тиісті практика нормаларына сәйкес келетінін растады. Фотомонтаж көмегімен есептелген визуалдық әсер ету нәтижелері Жоба әсер ететін тараптарға жеткізілді, олар әсер ауылдық ландшафттың ашық сипаты мен онда басқа тік құрылыстардың жоқтығы себепті елеулі ретінде қарастырылады. Көлеңкенің жыпылықтауы әсері бірқатар үй шаруашылықтары үшін теріс болуы мүмкін, және бұл салада белгіленген нормативтерден асқан жағдайда турбиналардың жұмысын тоқтатуға тура келеді. Халықтың қауіпсіздігіне ықпал ететін басқа факторлардың арасында сонымен қатар турбина қалақшаларынан кішкентай мұз кесектерінің лақтырылуы, турбиналардың жану қаупі, жол қозғалысының қауіпсіздігі мен

электромагнитті сәулелену сияқты факторлар да бағаланды, олардың әрекетін ЭЭІЖ-де қарастырылған шараларды қабылдау көмегімен жұмсартуға болады деп саналады.

Жүргізілген КЭЭЗ қорытындысы бойынша құрылған ЭЭІЖ-да компанияның басқарушылық деңгейінде бірқатар шараларды қабылдау көзделген, оның ішіне басқалармен бірге демеушінің ЕҚДБ-да жобаларды іске асыруға қойылатын қолданыстағы талаптарды сақтау мәселелеріндегі институциялық әлеуетін нығайту, мердігерлердің қызметін басқару, мүдделі тұлғалардың арасында өзара ынтымақтасуды күшейту бойынша қосымша шаралар қабылдау және Жобалық объектіні салу және пайдалану барысында жұмыстар басталғанға дейін жасалуы тиіс шағымдармен және наразылықтармен жұмыс істеу механизмін қолдану кіреді. ЕҚДБ Директорлар кеңесінің отырысына дейін ЭЭІЖ-ді клиентпен келісу алда тұр.

Жобаны іске асыру әсер ететін адамдармен және үшінші тараптармен пәндік консультациялар жүргізу үшін қазіргі уақытта Жоба, оны іске асырудың салдары және оларды барынша азайту жолдары туралы анағұрлым толық баяндалған ақпаратты осы үшін тағайындалған халықпен байланыс жөніндегі қызметкер жергілікті жерлерде халыққа жеткізуде. Бұл ақпаратты сонымен қатар компанияның веб-сайтынан табуға болады. Бұған қосымша ретінде халықаралық консалтингтік фирманың күшімен корпоративтік деңгейде қолдану үшін мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу жоспары (МТӨЖ) мен осы ауданда қуаттылығы 206 МВт жел электр станциясын салу ісінің жалпы жағдайына қатысты техникалық емес мәселелер бойынша түйіндеме әзірленді. Бұл құжаттар Жобаға қатысты техникалық емес мәселелер бойынша дербес түйіндемемен және 100 мегаваттық «Борей» жел электр станциясына қолданылатын МТӨЖ-бен бірге ағылшын және орыс тілдерінде компанияның веб-сайтында <http://boreyenergo.kz> мекенжайы бойынша орналастырылған.

ЕҚДБ қарыз алушының жылдық есептілігінің деректері негізінде және қажет болған жағдайларда Банк мамандарының жобалық объектіге баруымен Жобаның іске асырылуының барысына мониторинг жүргізіп отыратын болады.

Техникалық ынтымақтастық және гранттық қаржыландыру

Техникалық, экологиялық және заңгерлік зерттеулерді жүргізу Таза технологиялар қорының қатысуымен қаржыландырылды.

Компаниядағы байланысатын тұлға

Әлібек Тілеубаев
alibek.t@sungrow-re.com
+7 701 587 91 88
<http://boreyenergo.kz>

Қазақстан 05004, Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Бұлақ ауылы, Оөжетпес көшесі, 4-үй

Жоба түйіндемесінің соңғы жаңартылған күні

9 қараша 2021 жыл

Өтпелі процесс дегеніміз не

Өтпелі процеске әсер мен жобалардың өтпелі процеске болжамды әсерін есептеу бойынша ЕҚДБ тәсілдемесіне қатысты қосымша ақпарат [мына жерде](#).

Жобаларға қатысу мүмкіндіктері

Жобаға немесе сатып алуларға қатысу мәселесі бойынша компания- клиентке жүгінуіңізді өтінеміз.

ЕҚДБ-мен ынтымақтастық жөнінде (сатып алуға қатысты емес):

тел.: +44 20 7338 7168

эл. пошта: projectenquiries@ebrd.com

Мемлекеттік сектордағы жобалар: [EBRD Procurement](#) қараңыз.

тел.: +44 20 7338 6794,

эл. пошта: procurement@ebrd.com

Жалпы анықтамалар

Нақты ақпараттық сұратуларды [ЕҚДБ-ның ақпараттық сұратуларға арналған формулярын](#) пайдаланып жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭЭС)

[ЭЭС](#) және онымен байланысты Жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (IAT) ЕҚДБ өзінің «экологиялық жауапты және тұрақты дамуды» ілгерілетуге ұмтылысын жүзеге асыратын процедураны айқындайды. ЭЭД пен ICT-да қоғамды ақпараттандыру және онымен кеңесулер, сонымен қатар мүдделі тараптарың алаңдаушылықтары мен шағымдарын, әсіресе клиенттің экоәлеуметтік қызметіне және жобаға қатысты алаңдаушылықтары мен шағымдарын қарау және оларды қанағаттандыруға ықпал ету үшін шағымдарды беру және қарау механизмін белгілеу бойынша ұлттық

заңнаманың тиісті нормаларын орындау жөнінде клиенттерге қойылатын нақты талаптар бар. Экоәлеуметтік тәуекелдердің және жоба әсерлерінің сипаты мен ауқымдарына қарай ЕҚДБ қажет болған жағдайда өзінің клиенттерінен жобалардың тәуекелдері мен әсерлері туралы ақпаратты ашуды, сонымен қатар пікірлерін алу және олар бойынша жауап шаралар қабылдау мақсатында мүдделі тараптармен тыңғылықты консультациялар өткізуді қосымша талап етеді.

ЕҚДБ-ның бұл саладағы іс-тәжірибесі жөнінде қосымша ақпарат [ЭЭС](#)-те бар.

Іскери адалдық және белгіленген нормаларды сақтау

ЕҚДБ-ның Комплаенс-бақылау басқармасы (КББ) жауапкершілікпен басқаруға ықпал етеді және Банк қызметінің барлық аспектілері іскери адалдықтың ең жоғары стандарттарына жауап беруін және озық халықаралық іс-тәжірибеге сәйкес келуін қадағалап отырады. Іскери адалдықты тексеру Банк жобалары үшін қабылдауға келмейтін заңгерлік және беделдік тәуекелдерді болдырмау үшін Банк клиенттерінің барлығына қатысты жүргізіледі. Банк проблемалық аспектілерді жобаны алдын ала бағалау және мақұлдау сатысында айқындап, жою Банк мәмілелерінің беделдік тазалығын қамтамасыз етудің анағұрлым тиімді құралы болып табылады деп санайды. Комплаенс-бақылау басқармасы (КББ) бұл алдын алу іс-шараларында шешуші роль атқарады, сонымен қатар инвестициялаудан кейінгі сатыда Банктің іскери беделі үшін тәуекелдер мониторингін жүзеге асыруға көмектеседі.

КББ сонымен қатар ЕҚДБ қаржыландыратын жобалардың шеңберіндегі алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және лауазымдық теріс қылықтар фактілері туралы ақпаратты тексеру үшін де жауап береді. Егер алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлық актілерінің жасалғандығы туралы Банктің ішіндегі біреу немесе одан тысқарыдағы әлдекімнің күдіктері бар болса, оның бұл жөнінде жазбаша түрде, олар туралы compliance@ebrd.com электрондық мекенжайына хабарлама жолдап, комплаенс-бақылау басқармасының басшысын ақпараттандыруы тиіс. Хабарланған фактілердің барлығын КББ олар бойынша тиісті шаралар қабылдау үшін қарайтын болады. Бейесімділерді қоса, барлық хабарламалар бойынша тексерістер жүргізіледі. Бұл хабарламаларды Банктің немесе Банк операциялары жасалатын елдің кез келген тілінде құрастыруға болады. Мұндай ақпарат ізгі ниеттермен хабарлануы тиіс.

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген АҚС ЕҚДБ-ның стратегияларын, саясатын және операциялық қызметін анағұрлым тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу үшін ЕҚДБ-де белгіленген ақпаратты ашу және мүдделі

тараптармен кеңесулер жүргізу тәртібін анықтайды. Қолда бар ақпаратпен танысу үшін ЕҚДБ-ның веб-сайтындағы [«Ақпаратқа қолжетімділік саясаты»](#) бөлімін қараңыз.

Нақты ақпараттық сұратуларды [ЕҚДБ-ның ақпараттық сұратуларға арналған формулярын](#) пайдаланып жолдауға болады

Жобалар бойынша тәуелсіз есептілік органы (ЖТЕО)

Егер экоәлеуметтік салада немесе ақпаратты ашу саласында клиентке немесе ЕҚДБ-ға қатысты туындаған алаңдаушылықты қанағаттандыру талпыныстары (мысалы, шағымдарды жоба деңгейінде қараудың клиент құрған механизмі арқылы немесе ЕҚДБ-ның оперативтік басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы) нәтиже бермесе, бұл жағдайда өздерінің алаңдаушылықтарын қанағаттандыру үшін жеке тұлғалар мен ұйымдар ЕҚДБ-ның Жобалар бойынша тәуелсіз есептілік органына (ЖТЕО) жүгіне алады.

ЖТЕО жобамен байланысты, өтінішкерлердің пікірінше, залал келтірген немесе келешекте залал келтіруі мүмкін проблемаларды тәуелсіз бағалауды жүргізеді. Органның міндеттеріне мыналар кіреді: экоәлеуметтік саладағы және ақпаратты ашу саласындағы мәселелерді шешу үшін мүдделі тараптардың арасындағы диалогты қолдау; ЕҚДБ өзінің [Экологиялық және әлеуметтік саясатының](#) талаптарын және [Ақпаратқа қолжетімділік саясатының](#) жобаға қатысты ережелерін орындаған-орындамағанын анықтау, сонымен қатар қажет болған жағдайда бұл нормативтік құжаттарды орындамаудың орын алған жағдайларын келешекте ЕҚДБ-ның мұндай жағдайлардың туындауына жол бермеуі үшін шаралар қабылдай отырып, жою

ЖТЕО және оның мандатымен толығырақ танысу үшін, тексеріс жүргізуге тапсырысты қалай беру керектігін білу үшін [Жоба бойынша тәуелсіз есептілік органының веб-сайтына](#) өтіңіз немесе өтінім беру жөнінде қосымша ақпарат немесе нұсқаулықтар алу үшін ipam@ebrd.com электрондық поштасы арқылы ЖТЕО-ға хабарасыңыз.